1. Изоляция (ощущение того, что ни один человек тебя не понимает, и ни один человек в тебе не заинтересован);

2. Беспомощность (ощущение того, что все зависит не от тебя и ты не способен контролировать свою жизнь);

3. Безднадежность (ощущение того, что будущее безрадостно и не сулит ничего хорошего);

4. Чувство собственной незначимости (заниженная самооценка, стыд за себя) [1].

У большинства подростков причинами суицидального поведения являются любовные конфликты, конфликты с родителями и неприятности в общеобразовательном учреждении. Самый критический возраст, при котором чаще всего попытки суицида завершаются летальным исходом - 14-15 лет. Реализация суицидального акта среди подростков чаще совершается в ночное время, в момент изолированности, что подтверждает истинность их суицидальных намерений. Демонстративно-шантажные суициды в 3 раза чаще осуществляются девочками, а юношами – истинные [2].

Использованная литература:

1. Алимова М.А. Суицидальное поведение подростков: диагностика, профилактика, коррекция [Методические рекомендации].-Барнаул, 2014.

2. Грачева А.В., Бажинова А.А. Особенности суицидального поведения в подростковом возрасте [Территория науки]. 2016. № 4

Научный руководитель – к.мед.н., доцент Каримова А.Т.

СПОРТШЫЛАРДЫ ЖАТТАҚТЫРУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Кинадинов К.Ш.

Ақтөбе қаласының «№ 56 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ-сі,
Қазақстан Республикасы

Дене тәрбиесі ең алдымен, педагогикалық басқару процесі, яғни өзімізге қажетті бағытта өзгерту мақсатында жеке ерекшелікті дамытуға әсер ету болып табылады. Бұған қоса тәрбиені дене жаттығулары арқылы жүргізеді, оны педагогика тәрбие құралы дей алмайды. Дене жаттығулары ролін өсу мен даму барысының табиғи жеделдетушісі ретінде бірнеше кезендерге бөлуге болады.

Дене жаттығулары арқылы даму мен өсудің табиғи жеделдетушісі болу мүмкіндігі дене тәрбиесі теориясы үшін маңызды болып табылады. Бұл мәселе негізінен, тұқым қуалаушылық және әлеуметтік факторларының тепе-теңдік мәселесін құрайды.

Тұлғаны дамытудың ғылыми теориясы тұқым қуалаушылық және географиялық факторлар әсерін адамға қарсы қоймайды, оларды адамның биоәлеуметтік табиғаты туралы түсінікке біріктіреді. Академик Д.К.Беляевтың әлеуметтік және биологиялық мінез-құлықтың біртұтастығын мойындау адамды тек биологиялық жаратылыс ретінде қарастыру мүмкіндігін жоққа шығарды: табиғи-ғылыми контексте биологиялық бағдарламаның қызметін тым өсіру адамға әлеуметтік жинақтығынан айырылған жануар ретінде ғана қарауды білдіреді. Д.К.Беляевтың стресс туралы ойлары назар аудартады. Стрестің өзіндік бір себебі, оның ойынша, ағзаның бұрын қалыптасқан даму нормасының тұрақсыздануы және тұқым қуалаушылық өзгерістердің аяқ астынан күшеюі болып табылады. Стрестерді толық жоқ қылу мүмкін емес және олай істеу зиянды. Ағзаның стресске қарсы тұру тұрақтылығы мен икемділігі жоғары, бірақ шексіз емес. Сондықтан да қазірдің өзінде психоэмоционалдық жүктеме мен стрестің қауіпсіз деңгейі туралы мәселе маңызды болып отыр, бұның тек физиологиялық қана емес, генетикалық процестер үшін де мәні зор. Ғылыми зерттеулер мынадай сұрақтарға жауап беру керек: қазіргі әлемде күшейіп отырған психоэмоционалдық стресс адамзатқа орны толмас шығын әкелмей ме?

Көптеген зерттеулердің мәліметтері кейбір функционалдық көріністерді тұқым қуалаушылық себепке жатқызады, оның ішінде дене қабілеттерін дамытуға тікелей қатысы барын дәлелдейді. Мысалы, зерттеулерінде копзиготты егіздерде жылдамдық, иілгіштік және басқа дене қасиеттерінің жоғары сәйкестігі көрсетіледі. "Егіздік" әдісімен жүргізілген зерттеу нәтижелерінде дәлелденген жылдамдық-күші қабілеттердің генетикалық негізделгендігінің жоғарғы деңгейі мына авторлардың жұмысында да айтылған.

"Егіздік" әдісімен зерттеулерде [44] даму барысының биоәлеуметтік факторларға тәуелділігі онша тұрақты емес екенін көреміз. 4-6 және 10-15 жасында бойдың ұзындығының өсуі негізінен генетикалық факторларға тәуелді. Балалар мен жасөспірімдердің дене салмағы, қоршаған ортадағы факторларының жоғарғы дәрежесіне бейімделген. Бұл көрсеткіш дене тәрбиесі мен тамақ құрамының сандық, сапалық және тамақтану тәртібінің ерекшеліктері бойынша анықталады. Яғни, күш және жүйке процесінің қозғалғыштығы мен сипаты генетикалық факторларға тәуелді. Моторикалық қасиеттердің дамуы [күш, жылдамдық, төзімділік], вегетативтік жүйке жүйесінің іс-әрекеті] тұзім, қан айналуының минуттық көлемі тамырдың соғу жиілігі, терең тыныс алу жиілігі, өкпенің тіршілік сыйымдылығы берілген, жүктемеге дененің әсері, жылу әсері т.б.), қоршаған орта факторының әсеріне тәуелді, сондықтан да бала ағзасына мақсатты түрде әсер ету барысында көп жағдайда белгілі бір тәртіпке көнеді.

Даму мен өсудің жеке ерекшеліктері генетикалық негізге байланысты екендігі туралы басқа да дәлелдерді әдебиеттерден кездестіреміз жүгіруге дайындықтың биомеханикалық аспектісі физиологиялық және антропологиялық көрсеткіштердің деңгейіндегідей генетикалық негіздерге тәуелді деген қорытындыға келеді. Бұл тұрғыдан монозиготты егіздердің жұптарында ең көп сәйкестік денеде салмақ орталығын ауыстыру өлшемдерінде жамбас, тізе және тобық, табан буындарындағы қозғалыстың тік бұрышты сипаттамасы, аяқты жерге қойып итерілу сондай-ақ бақылау қашықтығына 40-50% жүгіру мерзімінде көп көрінеді.

Генетикалық және қоршаған ортаға тәуелділікті, спорттық іс-әрекетті табысты ету аспектісінен қарастырған мамандардың пайымдауларына көбінесе жеке биомеханикалық және морфологиялық функционалдық сипаттамалардың немесе олардың жиынтығының тұқым қуалаушылық негіздемесінің дәлелдеріне жоққа шығаруына баса назар аударады. Бұл кезде зерттеушілердің көпшілігі мәселенің мынадай маңызды жағын: адамның жеке даму процесінде және оның дене күші байланыстылығының деңгейін естен шығарып алады. Тұқым қуалаушылықты біздің көзқарасымыз бойынша, белгісіз бір бағыт

бағдарламаларынан қарау қажет және ары қарай жүзеге асуы көптеген жағдайда қоршаған ортаға, сонымен қатар дене тәрбиесіне байланысты.

Бала ағзасын дамуының шектелген бағыттағы теориясы бар, ол бүкіл онтогенез бойында генетикалық бақылауда болады. Бірақ мұндай төмендеу жалғыз емес, себебі әсердің көптеген факторлары бар және олар ағза дамуына өзгерістер енгізуі мүмкін. Генетикалық бағдарламаны жүзеге асыруға қоршаған ортаның факторлары қандай деңгейде және қалай әсер ететінін анықтау маңызды. Эндокринді аурудан тіпті гормондық терапиядан сон да бала ағзасы бұрынғы даму жолына қайта оралады. Бұл генетикалық дамудың төмендеуі, даму жолына қайта оралу процесіндегі дұрыс тамақтанбайтын балалардан байқауға болады.

Ағзаның генетикалық дамуын бақылаудың қазіргі заманға сай теориясын поляктың танымал биологы еңбектерінде айтады. Бұл теория бойынша, адам ағзасының генетикалық дамуы негізделген бағдарлама бойынша жүреді. Әр балаға генетикалық бағдарламадағы жеке даму жолы тән. Қолайсыз факторлардың әсерінен (экологияның бұзылуы, аурудың қозғыштығы) бала дамуының генетикалық бағдарламасында немесе тіпті оның ең ақырында қажетсіз ауытқулары болуы мүмкін. Ауытқулар деңгейі, пікірі бойынша, факторлардың күшіне, оның әсер ету ұзақтығына сонымен бірге бұл өзгерістер адам өмірінің қайсы кезеңінде байқалғанына байланысты. Егер "соққы" тым күшті болса, өлімге әкеп соқтыратын құрылымдық өзгерістер болады. Әсіресе, олар жедел даму кезеңіне сай келсе. Егер соққының ұзақтығы үлкен болса онда ағзаның биохимиялық және морфофункционалдық елеулі өзгерістеріне әсер етуі және генетикалық бағдарламадан төменгі деңгейде өтуі мүмкін. Қолайсыз факторлардың әсері ағзаның жедел даму кезеңіне тап келсе, орны толмас ауытқулар болады.

Генетикалық канал туралы теорияны дамыта келе, қоршаған ортаның қолайлы жағдайларына (дене тәрбиесінің тиімділігі және күн тәртібіндегі дұрыс тамақтану) баланың жеке дара дамуы өзінің генетикалық саладағы бағдарламасының жоғарғы деңгейіне көтеріледі, басқаша айтқанда, даму мен өсу процесінде табиғи ынтыландыру жүреді, - дейді.

Жетілу кезеңінде ағза дамуы мен өсуінің табиғи жағдайлардың бағдарын біздің арнаулы жас балалар спорт мектебіндегі әр түрлі спорт үйірмелері бойынша жасөспірім спортшыларға жүргізген бақылауларымыз дәлелдей түседі. Мұнда бала ағзасының үйлесімді дамуы мен өсу жағдайлары ретінде спорттық сабақтардың әсері көрсетілген. Жас балалар спорт мектебіндегі бағдарлама бойынша жүзу спортымен шұғылданатын жас спортшылардағы өзіндік қасиеттердің дамуын таңдауы, олардың денсаулығындағы оң өзгерісін көрсетеді. Әсіресе, ағзаның қуатты қамтамасыз ету жүйесінің дамуы, қозғалыс қызметін реттеп жетілдіру және олардың дене жұмыс деңгейінің жоғарылағандығын көрсетеді. Бұған мысал ретінде Ю.М.Шацков атты жаттықтырушының басшылығымен жеңіл атлетикамен айналысқан Я.Васишяның спорттық тарихын алуға болады. Арнайы жасалынған дене жаттығулар жиынтығы /секіру, тартыну, т.б./ және тәуліктік қозғалыс тәртібін орынды қолдана отырып, бұл спортшы төрт жылдың ішінде бойының ұзындығын едәуір өсіре алды.

Жас балалар спорт мектебінің оқушыларын бақылау барысында жаттығу сабақтарындағы жүктеменің өсімталдығы тиімді болған кезде спортшының сүйек диафизі жуандайтынын, сүйек ұлпасының қоюланып, синостоз процесі баяулайтыны байқалатынын көрсетті. Ұзын түтікше сүйектің дистальді бөлігі сүйек ұзындығының елеулі өскенін көрсетеді.

Мұндай өсу процесі дене жұмысына ең көп қатысатын сүйектерден жиі көрінеді. Мысалы, жасөспірім диск лақтырушыларда жеңіл атлетикамен 3 жыл айналысқаннан сон, оң қол сүйектерінің алыптан тыс үлкеюі байқалды [иық сүйектері шамадан 1,5 см ұзындау]. Волейболшы қыздарда 13 жастан бастап алақан сүйектерінің ұзарып жуандайтынын байқаймыз, әсіресе III алақан сүйек қалыптан тыс ұлғаяды, 16 жасқа жеткен волейболшы қыздардың бұл сүйегі сол жастағы спортпен шұғылданбайтын

қыздарға қарағанда 3 мм ұзын. Біздің зерттеушілер дене жаттығуларының себепші болуымен сүйектің ені және ұзындығының өсуі әсіресе берілген спорт түрінің қимылына көп қатысатын сүйектердің өсетіні туралы қорытындыға келді. Мұндай өсудің механизмі түсініксіз.

Поляк ғалымдары Гданьск қаласының 8-14 жастағы 1850 ұл бала және 1309 қыз балалардың өсу өлшемдерін зерттеді. Олардың 856-сы спорт мектебінде оқитындар. Жас спортшылар сол жастағы спортпен шұғылданбайтын балаларға қарағанда бойы биік және дене салмағы үлкен болған. Бірақ бұл айырмашылық тура болмайды және 8-14 жаста ғана сақталды, бұл жаттығудың бой өсуіне әсері болмайтынын, спорт үйірмесіне ірі балаларды таңдап алатынын көрсетеді. Спортшылардың ішіндегі ең аласа бойлысы сайысшылар, ал ең ұзындары жүзушілер мен гандболшылар болды. Спортшылардың физиологиялық жасы олардың күнтізбелік жасынан асып кететіні байқалады.

Француз ғалымдары мектеп жасындағы жоғары мамандандырылған спортшыларға арналған сыныпта оқитын көптеген балалар тобын зерттеді. Бұл балалар аптасына орта есеппен 8-12 сағат жасайтын жаттығулар мен толық оқу процесін бірге алып жүре алады. Тексеруді дене тәрбиесі мұғалімі мен колледж, лицейлердің жаттықтырушылары жүргізді. Авторлар осы оқу мекемелеріне 2 рет анкета жүргізген, мұнда мұғалімдер өз оқушыларының антрометриялық және функционалдық мәліметтерін көрсеткен. Анкеталық сұрақтарға басында 312 жас спортшы қатысты. Бірақ кейін көбі әр түрлі себептер бойынша спортпен белсене айналысуды тоқтатып, әдеттегі мектептерге ауысты, ал мұғалімдер қолы бос еместігін сылтау етіп, ғалымдармен бірге жұмыс істеуден бас тартты. Сөйтіп 5 жыл ішінде тексерілген балалар саны 50 адам ғана болды, тағы да 3 тексеруден 30-ы өтті. Зерттеудің соңында барлығы 12-19 жастағы 763 ер бала және 12-17 жастағы 398 қыз баланың мәліметі бар 1185 анкета жиналған.

Анкеталардың статистикалық анализі жас спортшылар мен Францияның осы жастағы өзге тұрғындарының арасындағы морфологиялық өлшемдердің айырмашылығын дұрыс көрсете алмады. Дегенмен де спортшылар спортпен айналыспайтын балалардан биік [көбіне аяқтың ұзындығы байқалады], дене салмағы ауыр және қолдары ұзын болып келеді. Иық белдеуі мен жамбас белдеуінің кеңдігінің тепе-теңдігі сондай-ақ жамбас белдеуі мен дене ұзындығының тепе-теңдігі оларда бірдей болмады.

Жас футболшылар мен гимнастарда төменгі жақтағы сүйектерден бұлшық еттің ажырап алыстауының 105 жағдайы байқалған. Мәліметтері бойынша, дзюдошылар мен қайық өсушілерде, спортпен айналыспайтын балаларға қарағанда, омыртқаның остео дистрофиясы көп кездеседі. Зерттеулердің дәлелдеуіше, жаттығуды әрекеттен ерте және қарқынды басталған жағдайда балаларда елеулі, емдеуге қиын буындардың созылмалы ауруы кездеседі. Сондықтан ғалымдар арнайы маманданушы жас спортшыларды жүйелі түрде рентгенографиялық және функционалдық тексеруден өткізу керектігін айтады, өсу мен сүйек жетілуінің ауытқу процесін ерте тауып, оны ескеріп, жаттығу жүктемесін тиімді мөлшерлеу керектігін талап етеді.

Қорыта келгенде, біздің ойымызша, өсудің табиғи жағдайлары мен дене тәрбиесі бағдарламасының сабақтастығын тағы да айта кету керек. Дене жаттығуларымен тым көп айналысу ағза дамуына кері әсер етіп, спортшының денсаулығына нұқсан келтіруі мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 *Адамбеков К.Т.* "Оқушылардың дене тәрбиелеудің педагогикалық негізі" п.ғ.д. дисс. авторефераты. Алматы, -1995, 38 бет.

2 *Аяшев А.О.* Болашақ мұғалімнің тәрбие жұмысына кәсіби даярлығын дене тәрбиесінің құралдары арқылы қалыптастыру. п.ғ.д. дисс. авторефераты, М., 1993, 55 б.

3 *Кузнецов З.И.* Мектеп жасындағы балалардың негізгі дене қасиеттерін дамыту // ғылыми конференциясының жинақтары, Поланга, 1966 ж.

4 *Сапарбаев М.Б.* Дене тәрбиесі пәнінің мұғалімдеріне үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесінің теориясы мен практикасы. п.ғ.д. дисс. авторефераты. Алматы, 1993, 318 б.

5 *Гейнца К.А.* Қазақстандағы жалпы білім беретін мектептердегі 1-9 сынын оқушыларының нұсқалық, бөлімдерін жете зерттеу. п.ғ.к.. дисс. авторефераты. М., 1995, 22 б.

ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ ҚИМЫЛ-ҚОЗҒАЛЫС БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Кинадинов К.Ш.

Ақтөбе қаласының «№ 56 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ-сі,
Қазақстан Республикасы

Қозғалыс-қимыл ойындары арқылы оқушыны жаттығуға, оқуға қызықтыра отырып, тұлғасының дамуын қалыптастыруға болады. Мазмұны бойынша барлық қозғалыс-қимыл ойындар оқушылардың ақыл-ой белсенділігін қалыптастырудың маңызды құралы бола отырып, олардың жаттығу бағдарламасының негізгі тақырыптары бойынша алған білімдерін тереңдете түсуді, әрі пысықтауды көздейді. Бұл ойындар балалардың сабақ үстіндегі жаттығуларын түрлендіре түседі, олардың спортқа қызығушылығын оятып, ынта-ықлас қоюына баулиды және жасөспірімдердің зейінін, ойлау, зерде үрділерін дамытады. Өмір тәжірибесін бір жүйеге келтіруге үйретіп, нерв жүйесін демалдырады. Міне, сондықтан да қозғалыс-қимыл ойындары жаттығу әрекетінде жетекші рөл атқарады.

Мұның барлығы қозғалыс-қимыл ойындарды жасөспірімдердің жаттығу-әрекетінде белгілі бір жүйемен пайдалану қажеттілігін дәлелдейді.

Әдістемелік әдибиеттерде берілген және бастауыш сынып мұғалімдерінің тәжірибесінде пайдаланып жүрген қозғалыс-қимыл ойындары өте көп. Алайда, олардың барлығы бірдей бүгінгі күннің талаптарынан туындап отырған білім мазмұнының өзгерістеріне, сондай-ақ оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес келе бермейді. Сондықтан ғылыми тұрғыда негізделген қозғалыс-қимыл ойындар түрлерін сұрыптап, ой елігінен өткізе отырып, ойындар жүйесін және оларды пайдалану әдістемесін ұсыну қажет.

Қозғалыс-қимыл ойындар – балалар үшін өзіне тән жүру, жүгіру, секіру, ядро лақтыру, кедергілерден жүгіру.

Қозғалыс-қимыл ойындарды құру мына негіздерге сүйенеді:

1. Балалардың іс-әрекетінде қозғалыс-қимыл ойын түрлерімен жаттығу түрлерін байланыстыру және біртіндеп қызықты, жеңіл ойындардан ойын тапсырмалар арқылы дене тәрбие мәселесіне көшу.

2. Ойынның шарты мен жаттығу міндеттерінің біртіндеп күрделенуі.

3. Берілген жаттығуларды шешуді баланың ақыл-ой белсенділігінің күшеюі.

4. Жаттығу мен тәрбие мақсаттарының бірлігі.

Қозғалыс-қимыл ойындар үш топқа бөлінеді.

1.Заттық ойындар қозғалыс-қимыл ойыншынықтыру және түрлі ойын материалдарымен ұйымдастырылады.

2. Үстел үстінде ойналатын ойындар:

«Дойбы», «Шахмат», «Тоғызқұмалақ» және т.б.

3.Сөздік ойындар.

Жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасының негізгі бағыттарының» басты талаптарының бірі – оқытудың, үйретудің сапасын арттыру. Бұл сабақ формалары мен әдістерін, мазмұнын жетілдіру, оны әдістемелік, танымдық, білімдік, тәрбиелік жаңа сапалы деңгейге көтеру деген сөз.

Дене тәрбиесі саласында мұның бір ұтымды жолы – жаттығу процесінде қозғалыс-қимыл ойындарды тиімді пайдалану. Ол сабақтың әсерлілігін, тартымдылығын арттырып, оқушының спорттық белсенділігін, ынтасын күшейтеді. Метеп реформасы талаптарына сай балаларды алты жастан бастап қозғалыс-қимыл жаттығуларды дидактикалық ойындардың маңыздылығы бұрынғыдан да арта түсті. Бұл жастағы балалар үшін ойын – оқу, еңбек, әрі тәрбие құралы. Сөйтіп қозғалыс-қимыл ойындары сабақта жаңа мазмұндық сипатқа ие болуда. Ойын балалар сабақта зерігіп, шаршаған кездерде серігу мақсатында ғана емес, оларға берілген негізгі ұғым, түсініктерді берік меңгерту мақсатында да жүргізіледі. Ойын арқылы оқушы өздігінен жұмыс істеуге үйрененді, ойлау қабілеті дамиды, өздігінен қорытынды жасай білуге машықтанады.

Мектепке дейінгі мекемелердегі дене тәрбиесі мұғалімдері педагогикалық ғылым жетістіктерін, оқыту әдістемесі негіздерін жан-жақты меңгерумен қатар, балалардың жасына сәйкес физиологиялық, психологиялық ерекшеліктерін де жете білуі шарт. Тәжірибеде байқалғандай, қайсыбір мұғалімдер оқушыға өздігінен жаттығу істеудің бірсарынды ырғағын ұсынып, негізгі ұғымдарды қалыптастыруда оның өзіндік психологиялық ерекшеліктерін ескермейді. Қозғалыс-қимыл ойындарға қойылатын талаптарға, оны ұйымдастыру методикасына жете мән бермейді. Ойынның негізгі мақсаты – баланы қызықтыра отырып, өткен материалды берік меңгерту.

Сондықтан да ойынның пәндік мазмұны басты назарда болуы тиіс. Сонда ған ол оқушының ойлау қабілетін дамытып, білімдік, тәрбиелік мақсаттарға жеткізеді.

Қозғалыс-қимыл ойын ережесі балалардың түсінуіне орай, қарапайым әрі қысқа болуы шарт. Мұны да мұғалімдер, көбінесе, ойынды жүргізу барысында ескермейді. Ойын мазмұны, оның ережесі балаларға шұбалаңқы, қиын түсіндіріледі. Сондықтан оқушы ойынның негізгі мақсатына түсінбей қалады, оған қызықпайды, ынтасын қойып тыңдамайды. Сөйтіп, ойын өз мәнін жояды.

Ал кейбір мұғалімдер сабақта ойын түрлерін ретсіз әрі жиі қолданады да, оқушыларын зеріктіріп алады. Оның үстіне ойынға қажетті дидактикалық материалдармен көрнектіліктерге де жете көңіл бөлмейді. Мұның да ойын процесінде көп мәні бар алдымен сабаққа лайықты түрі мен оны қолданудың мөлшерін анықтау керектігі ұмытылып қалады.

Қозғалыс-қимыл ойынның ырғағын сақтау мұғалімнің шеберлігін танытады. Көріп байқаныңыздай, ойын тым тез қарқынмен жүргізілсе, оған көпшілік балалардың ойы ілесе алмай, басқалардың сөзбен ісін түсінбей қайталайтынын, ал ойын жай, сылбыр жүргізігенде оған деген ынта,ықыластың күрт кеміп кететінін көрсетеді.

Ұстаздардың сабақтарында қозғалыс-қимыл ойындар түрлі әдіс,тәсілдермен қызықты әрі мазмұнды өткізілуі қажет.

Балалардың таным қабілетін жетілдіріп, логикалық ой-өрімін кеңейтіп, сабаққа ынтасын арттыруда қозғалыс-қимыл ойында пайдаланудың маңызы зор. Сондықтан да сабақта қозғалыс-қимыл ойынды кең пайдалану керек.

Ойынның негізгі мақсаты – дене тәрбиесі үрдісінде баланың қызығушылығын оята отырып, игерген жаттығу әдістерін тиянақтау болса, мұғалім өз тарапынан нақты бір қозғалыс-қимыл ойын түрлерін пайдалана отырып, бастауыш сынып оқушыларының қозғалыс белсенділігі мен ақыл – ой қабілетін дамытуға, олардың түрлі дағдылар мен шеберліктерді игеруіне қол жеткізуге ынталы болуы қажет. Сабақ барысында қозғалыс-қимыл ойындарды пайдалану оқушылардың спортқа деген ынталарын арттырып, алған білімдерін өмірде қолдана білуге, танымдық қабілеттерін арттыруға ықпал етеді.

Нақты сабақтарда тақырыптарға сай ойын түрлерін шеберлікпен қолданып әрі сабақтың тартымдылығы артатыны даусыз. Бастауыш сынып оқушыларының қозғалыс-қимыл әрекетін ойындар арқылы қалптастыру туралы мәселе де, ең алдымен танымдық іс-әрекеттің қозғаушы күші-қызығушылық екендігін айтуымыз керек. Ал оқушылардың спортқа қызығушылығын арттыру құралы ретінде ойынның маңызы орасан зор. Бастауыш сынып оқушыларының психологиялық дамуында да ойын шешуші рөл атқарады. Ойын

арқылы балалар өмірден көптеген мәліметтер алып, білімін жетілдіреді. Оқыту үрдісінде ойын тиімді ұйымдастырылса, сабақтың әсерлілігі артады, оқушылардың сабаққа деген ынтасы мен қызығушылығы артады.

Ойын баланың дамуына зор әсерін тигізеді сенсорлық тәрбиенің жетілуі, ойлау қабілетінің дамуы, өздік қимыл-әрекетінің дамуы. Бала ойын барысында тез ойланып, өз бетімен тез арада шешімге келуді, ұту жолын табуды, ептілік пен төзімділік көрсетуді дамытады. Ал ойынның ережесі мен шартын орындау баланы тәртіптілікке жетелейді. Халқымыздың өмір тәжірибесінде баланың әр алуан ойын түрлері олардың қимыл-қозғалыстарын, ептілігі мен бейімділігін, танымы мен пайымын дамытып, өрістетіп отырады деп санаған.

Жаттығуларға үйретуде, әсіресе, бастауыш сынып оқушыларының жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ішкі сезімдеріне әсер ету арқылы қозғалыс-қимыл әрекеттерін дамытудың маңызы зор. Бастауыш сынып оқушылары өздерін қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды көзбен көріп, қолмен ұстап, байқау, сипау, сезіну арқылы қабылдап, таным қабілеттері дами бастайды. Заттар мен құбылыстар туралы білімдері негізделіп, нақтыланады. Бастауыш сынып оқушылары естігенін, көргенін жаттығу әдістерін есте ұстап, жаттап алуға әуестігімен ерекшеленеді. Сондықтан олардың қозғалыс-қимыл әрекетін одан әрі дамыту мақсатында дидактикалық заңдылық негізінде амалдар мен тәсілдер қарастыру қажет. Оқушылардың ой-талғамын, көңіл-күйін ескеру нәтижесінде көп нәтижеге қол жеткізуге болады.

Өйткені, дәстүрлі оқытуда білім беру мазмұнындағы білімдік мазмұнға ғана басым көңіл бөлінеді. Бұл өз кезегінде білім мазмұнын қалыпқа сай мөлшерде шектеп, оқушының оқу-танымдық әрекеті және шығармашылық қабілеттерін шектеуге әкеледі

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Әбділлаев Ә.К., Оңалбек Ж.К. Дене мәдениетінің ілімі және әдістемесі. Түркістан: Тұран, 2014. 277б.
2. Әл-Фараби. Әлеуметтік этикалық трактаттар. Алматы, 2005. 395б.
3. Мухамеджанов Б. Дене мәдениеті мамандығына кіріспе. Шымкент: Ғасыр-III, 2006. 166б.
4. Рускаева Н.С. Формирование интереса к физической культуре и спорту у детей младшего школьного возраста: Автореф. дис... к.п.н.: 05.02.03. Алматы, 2013.24б.

ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

Кинадинов К.Ш.

Ақтөбе қаласының «№ 56 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ-сі,
Қазақстан Республикасы

Әдіс – нақты әретке жасалған қызымет түрінен, қойылған мақсатқа жетудің тәсілі. Жеке әдіс әртүрлі көп сипаттағы әдістемелік қабылдаулар бойынша ашылады, мақсаттары және оның шешіміне біртұтас жолдың ортақтарымен бірігеді. Әдістемелік қабылдаулар – басқа бір әдістің, элементтердің, бапкердің көрсеткен жеке әсерлеінде және оқушылардың олардың өзара қызыметінің процесіндегі толықтастырулар және негізгі әдістер бөлігі.

Қойылған шарттарға сәйкес түрлі қабылдауларды творчнствалық қолдану спорттық жаттығу процесін молайтады, оны жекелейді, штамптан құтылуға мүмкіндік береді.

Спорттық жаттығудың негізгі әдістерін 3 топқа бөлуге болады: Сөз қолдану; Көрнекілік; Іс-тәжірибелік. Әдетте, бұл әдістер және олардың қатарына кіретін әдістемелік қабылдаулар спортшыны дайындаудағы дене дайындығы, техникалық, тактикалық және т.б түрлерінде қолданылады. Әрбір әдістің мазмұны көбінесе арнайы ерекшеліктеріне және дайындық түрінің мазмұнына тәуелді болады.

Спорттық жаттығуда осы әдістермен қатар спортшы дайындығының бақылау тараптарының әр түрлі әдістерін қолдану, спорттық нәтижелерді болжау әдісі, іріктеу әдісі және т.б.

Әдісті таңдау мақсат қоюмен, жас шамасымен, денсаулық жағдайымен, дайындығымен, жас спортшының дәрежесімен, қолданылатын құралдармен, шұғылдану жағдайымен, ұстаздың өзінің кәсіби дайындығымен және басқа факторлармен анықталады. Спорттық жаттығудың негізгі ерекше әдістерінің мәнін және ерекшеліктерін қарап шығайық.

Сөз қолдану әдісі. Осы әдістер көмегімен теориялық мәліметтер хабарланады, нақты мақсаттар қойылады, жас спортшылардың жаттығу тапсырмаларын орындау қатынасы қалыптасады. Бұл әдістер басқару қызметтерінде, жеткен нәтижелерді талдау және бағалау, жіберген қателіктер, жас спортшылардың болмыстық, еріктік және басқа қасиеттерін тәрбиелеу қолданылады. Сөздің негізгі әдістері, техникалық, тактикалық, жарыс ережелерін және басқа сұрақтарды жеткізуге қолданылатын теориялық мәліметтер: дәріс, әңгімелеу, баяндау, көрсету, түсіндіру, әңгімелесу, тапсырма, талдау және т.б. Жас спортшылардың жаттығу процесін басқаруда қолданылады: әмір, бұйыру, басқару, есептеу, ауызша сигнал беру. Жас спортшыларды бағалау және қызметке ынталандыруда пайымдау, бағалау, мақұлдау, өзін-өзі басқару, өзін-өзі бұйыру қолданылады.

Сөз әдісінің (дәрістер, өзін-өзі бұйыру және т.б) көбі кіші мектеп жасындағы балалармен жұмыс үлкен жастағы жас өспірімдерге қарағанда аз қолданылады, өйткені кіші жастағы балаларда аналитикалық дерексіз ойлау қабілеті аз дамыған. Сондықтан, мысалға, оларға дене жаттығуларының техникасын барынша нақты және айқын түсіндіру керек. Кіші жастағы балаларға оқу тапсырмаларының орындалу нәтижелері туралы жиі хабарлау және бағалау керек. Үлкен жастағы жас спортшылармен жұмыс кезінде сөз әдісі көп қолданылады. Бұған жас өспірімдердің екінші сигналдық жүйесінің өсетін рөлі жағдай жасайды. Оларда кіші жас шамасындағы балаларға қарағанда сөздік сигналға реакциялары жоғары болады. Жас өспірімдер абстракцияларды (дерексіз ұғым) пайдалану қабілеттері көбірек, маңызды және маңызды еместігін айырады, үйретілген жаттығудың техникасын терең және толық талдай алады және т.б. Жас өспірімдер жұмысында, кіші жас шамасындағы балаларға қарағанда шағын бұйрықта, нұсқаулар мен әмірлер қолдануға жиірек мүмкіндік бар.

Үлкен жастағы жас спортшылар дерексіз ойлауға қабілетті, техникалық және тактикалық түрлі білім қорына бай. Олармен жұмыс кезінде дәрісті, бұйрықты, өзін-өзі бұйруды табысты пайдалануға болады.

Көрнекілікке қамтамасыз ету әдісі көру, есту, қозғағыш түрлері, техникалық, тактикалық, дене дайындықта көрсетілген процесінде жасау үшін қолданылады. Оларды шартты түрде 2 топқа бөлуге болады: 1) тікелей көрнекілік әдістері 2) жанама түрдегі көрнекілік әдісі

Біріншіге әр түрлі формадағы табиғи демонстрациялар жатады: дене дайындығының техникасын көрсету (жалпы н/е элементтер бойынша, ақырын н/е ораша екпінмен); «сезіну» қозғалыстар үшін әдейі құрастырылған тренажорлар көмегімен және т.б.

Жанама түрдегі көрнекілік әдістерне жататындар: плакаттар, суреттер, схемалар және басқада көрнекі құралдар, фоталар, кинотеледидар көрсету (фотосуреттер көрсету, кино шеңберлер, видеожазбалар, жеке спортшылардың н/е жалпы команданың жаңадан жасалған техникалық-тактикалық әрекетін көрсету); дыбысты көрсету-дыбыстық суретті қандай болмасын қозғалыс дыбысы шапалақ және арнайы техникалық жабдық арқылы жасау (метроном және магнитофон), қозғалыс бағыты оларды жетілдіру туралы дыбыстық жетекшілер және жедел дыбыстық ақпарат құралдары; жарықпен ескеру – жарық жетекшілер және жедел жарық құралдары арқылы мәлеттерді зерттеу, қозғалыстардың әбден жетілдіру және жүгірістерді жылдамдықпен басқару, жүзу және т.б; пәндік бағдарлар, көрсетуші бағыттар, қимылдардың ауытқу шегі, тіркелген күштер динамикасы.

Көрнекілікті ету әдістері кіші жас шамасындағы жас спортшылардың қозғалыс техникаларын үйретуінде ерекше мән алады. Олардың назарлары жеткіліксіз нық және жиі еріксіз мінезді болады. Олар еліктеуге әуес. Сондықтан олармен жұмыс кезінде көрсету рөлі маңызды. Дәл және толық қозғағыш, көру, акустикалық сезінуді жасау үшін сонымен бірге пәндік бағдарлар мен шектеулер, дауыстық және жарықтық дабылдарды кеңінен қолдану керек. Бұл тәсілдер балаларға олардың қозғалыстарды дұрыс орындауын сезінуге мүмкіндік береді. Орта жас шамасындағы жас спортшылармен жұмыс кезінде көрсетумен артық шұғылданбауы керек, үйткені жас өспірімдер мағлұматтың белгілі бір қорымен, техникалық және тактикалық білім мен дағдыларға ие болған. Оқу – жаттығу жұмыстарының процесінде, пәндік бағдарлармен қатар, дыбыстық және жарық арқылы көрсету, суреттерді, плакаттарды, кинокольцовкаларды қолдану пайдалы. Орта жас шамасындағы балалармен жұмысында жаттығу техникасын зерттеу және жетілдіруде көрсету үлкенірек талдап көрсету айырмашылығы, жаттығуларды жылдам қарқынмен және аз мөлшерде қайталап орындау болады. Қозғалыстарды сезіну үшін тренажорлар қолданылады. Жас спортшыларды қозғалыстардың мүлтіксіз техникасымен, тактикасымен, жаттығуларды олармен қатысы және мамандандырылған спортшылардың жарыстарымен таныстырған пайдалы.

Жоғарыда аталған көрнекілік әдістерінің көпшілігі әдетте сөз қолдану әдісімен бірге қолданылады.

Жаттығу әдістері. Спорттық жаттығу әдістері спортшылардың қозғалыс әрекетіне негізделген, шартты 2 топқа бөлінеді (Л.П.Матвеев 1977): 1) қатал реттеленген әдіс 2) реттелелген жаттығулар туралы. 1 – топқа жататындар: негізінде қозғалыс техникасы жаттығуларында қолданылатын бүтіндік және ыдыратып жіберілген жаттығулар әдісі; қимыл дағдыларын әбден жетілдіру мақсатымен, ерікті және дене қасиеттерін тәрбиелеуде қолданылатын бір қалыпты әдісі, ауыспалы, қайталау, аралық жаттығулар, сонымен бірге құрамалыс (кешенді) әдістері (қайталап – жылдам үдейтін жаттығулар, үйреншікті – вариативті жаттығулар, айналмалы жаттығулар және т.б.). 2 – ші топқа ең алдымен ойын және жарыстық әдістер жатады.

Аталған әдістердің көпшілігі жас спортшыларды дайындау да қолданылады. Оларды қолдану көбіне организмнің табиғи даму заңдылықтарына, мамандануында және жас спортшыларды дайындауға тәуелді. Жұмыс стажының өсуімен және жас спортшылардың машықтануына қарай спорттық жаттығу әдістері қарапайым біркелкіліктен (ойын, бір қалыпты) бірте-бірте қиындауға (айнымалы, қайталау, аралықты ж/е т.б.) өтеді.

Алдын-ала спорттық дайындық кезеңінде дене қасиеттерінің (жылдамдық, жылдамдық – күштілік) негізгі әдістері спорттық жаттығудың кешенді әдісі болып табылады. (В.П.Филин 1974). Бұмен жас спортшылардың жан-жақты дене қасиеттерінің алғышарттары жасалады, ал кейінде көп жылдық дайындық процессінде таңдап алған спорт түрінде жетілдіру болуы мүмкін. Бүтіндік жаттығу әдісінің мәні жатталған жаттығудың толық орындалуы, жас спортшылар қозғалыс техникасын көрсеткеннен және түсіндіргеннен кейін бірден меңгереді. Бұл әдіс ең оңай жаттығуларды зерттеуде немесе бөлшектеуге болмайтын күрделі қозғағыш әрекеттерін жаттауда қолданылады. Бастапқыда қимылды әдетте жайдақтайды, болмашы бөлшектерді босатады және басқа жолдармен жеңілдетеді (орындау жылдамдығын азайту, қосалқы снарядтарды қолдану, физикалық көмек, сақтық, бағдарлар, енгізуші жаттығулар және т.б.). Жас спортшылар үшін күрделі дене жаттығуларын орындау негізінен қозғалыс техникасының бастапқы жаттығуында күш жетпейтіні жиі байқалады. Сондықтан бұл әдіс техниканы әбден жетілдіру процесінде кең қолданылады.

Жаттығуды бөлшектеу әдісі қиын техникалық қимылдарды бөлшектеуде қолдану дербес элементтер туралы бөлек жаттау және тек қана бүтін қимылдарды нақты жан-жақты зерттеулерден кейін жалғастырады. Жаттығуды бөлшектеу әдісі бүтін жаттығуларды зерттеу, жетілдіру, бекіту және жеке бөлігін түзету үшін қолданылады.

Бір қалыпты әдіс ол жас спортшылардың дене жаттығуларын ұзақ уақытта біркелкі үздіксіз тұрақты қарқынмен, белгіленген жылдамдықты сақтай отырып, тұрақты екпінмен, ырғақпен, күш шамасымен, қозғалыс амплитудасымен бейнелейді. Шешілетін мәселелер, жаттығуларға байланысты шағын, орта және максималды қарқынды болып орындала алады. Әр түрлі жастағы жас спортшыларда, дайындықтар, спорттық мамандануда әр түрлі қарқыны бар үздіксіз жұмыстың ұзақтығы әрқелкі.

Организмнің бір қалыпты әдісінің жаттықтыратын әсері жұмыс мерзімінде қамтамасыз етіледі. Жүктеменің үлкеюіне орындау қарқынын жоғарлату немесе ұзақтығын көбейтумен қол жеткізуге болады. Жұмыс қарқынының үлкеюімен оның ұзақтығы, әлбетте азаяды және керісінше. Бір қалыпты әдіс жылдық циклдің барлық кезеңдерінде де қолданылады. Шағын және орта жаттығулар қарқыны жаттығуларда аэробтық мүмкіндіктер құралы ретінде қолданылады (айырықша дайындық және өтпелі кезең), ал жарыстық кезеңде әдетте организмнің біртіндеп қалпына келуі, шыдамдылықтың қажетті деңгейін қолдау үшін қолданылады.

Алайда жаңа бастап жүрген ерте жастағы жас спортшылардың бірқалыпты бұлшық ет жұмысының үлкен көлемдері қолайсыз. Бұл олардың организмнің анатомно-физиологиялық ерекшеліктерін ғана ұғындырмайды, алайда психикалық орнықсыздығын: балаларды бірқалыпты жұмыс тез зеріктіреді, олар шұғылдануға ынтасын жоғалтады.

Биік қарқынмен, бірқалыпты екпінмен жүгіруді, есуді, жүзуді орындау (бірқалыпты – қарқынды жаттығулар деп аталатын) арнайы шыдамдылықты дамытуға (анаэробтық мүмкіндік), «екпінді сезіну» тәрбиелеуге және бекітуге мүмкіндік туғызады. Мұндай жаттығулар жас спортшылардың организмдегі жүрек-тамырларына және тыныс жүйесіне жоғарғы талаптарды ұсынады. Сондықтан бір қалыпты – қарқынды жаттығулар үлкен жастағы жоғарғы мамандандырылған жас спортшылар үшін ұсынылады. Дайындықта жүктеме көлемі (осы жағдайда) онша үлкен емес.

Айнымалы әдіс жылдамдықтың жүктеме жылдамдығын, қарқынын, ұзақтығын, ырғағын, қозғалыс амплитудасын, күш шамасын, қозғалыс техникасын өзгерту, ауыстыру арқылы, тоқтаусыз жүктемені біртіндеп өзгертумен сипатталады. Бұған хоккейдегі әрбір кезеңіндегі (период) қашықтықтағы жүгіріс жылдамдығының, ойын қарқынын және техникалық тәсілдердің өзгеруі мысал бола алады. Организмге айнымалы әдістің жаттықтыратын әсері дайындық кезінде қамтамасыз етіледі. Организмге функционалдық қасиеттеріне бағытталған әсері жұмыс тәртібінің және қозғалыс формаларының өзгеріс есебімен реттеледі.

Айнымалы әдіс циклді және ациклді спорт түрлерінде қолданылады. Циклді спорт түрлерінде жүктемелер қозғалыс жылдамдығын түрлендіру арқылы реттеледі. Ациклді спорт түрлерінде (футбол, күрес, бокс ж/е т.б) айнымалы әдіс қозғалыс қарқыны және формалары бойынша өзгертін жаттығуларды орындау арқылы реттеледі. Айнымалы әдісте қозғалыс жылдамдығы жарыстық шамалыдан өзгере алады. Жылдамдықты түрлендіруден және жылдамдықты орындау ұзақтығынан, меңгеретін кескіндердің ұзындығы организмде физиологиялық сипаттардың өзгерісінің, аэробты немесе аэробты – анаэробты дамытатын бастаушы мүмкіндіктерге тәуелді болады.

Бұл әдіс жүрек – қан тамырларына және организмнің тыныс жүйесінің қызыметіне үлкен талаптар көрсетеді. Сондықтан ол жеткілікті дайындалған жас спортшылардың жаттығуында қолданылады, негізінен даярлық соңында және жарыс мерзімінде қолданылады. Айнымалы әдістің бір түрі фартлек (жылдамдық ойыны, жарыс ойыны) болып табылады. Бұл белгілі бір уақытта әр түрлі жылдамдықпен жүгіру. Қашықтық ұзақтығы жас шамасына және спортшы біліктілігіне тәуелді болады. Қозғалыс жылдамдығы және ұзақтығы, оның сақталуы алдын ала жоспарланбайды. Фартлекті орманда, бақтарда, алаңдарда өткізген дұрыс. Жүгіріске қатысушылар хал-жағдайларына байланысты, топта кезекпен оза алады. Үдеулердің бір бөлігін жарыс немесе секіру жаттығуларымен алмастыруға болады.

Айнымалы әдістің артықшылығының бірі ол жұмыстағы бірқалыптылықты жою болып табылады. Сондықтан, әдеттегідей, жас спортшылар айнымалы әдіс қолданылатын жүктемелерді зор ықыласпен және ынтымақтастықпен орындайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ашмарин Б.А. Теория и методика физического воспитания. – М.: Физкультура и спорт, 1982.
2. Управление физической культурой и спортом: Учебник/Сост. И.И.Переверзин, Н.Н.Бугров, Я.Р.Вилькин и др. – М.: Физкультура и спорт, 1987.
3. Ашмарин Б.А. Теория и методика педагогических исследований в физическом воспитании. – М.: Физкультура и спорт, 1978.

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІНЕН БІЛІМ БЕРУДІҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Кинадинов К.Ш.

Ақтөбе қаласының «№ 56 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ-сі,
Қазақстан Республикасы

Дене мәдениеті қалыптасқан мектеп оқушыларының денесінің қаншалықты дамығандығын антропометриялық өлшеу арқылы анықтауға болады (бойдың биіктігі мен дененің салмағы, кеуденің көлемі, аяқ-қолдарының ұзындығы т.б.), дене құрылысының сыртқы дамуын (кеуде клеткасының формасы, бұлшық еттер реңі, май жиналуы, терінің әдемілігі, т.б.), сыртқы белгілер арқылы жыныстық жетілуді, сонымен қатар, кейбір функционалды көрсеткіштерді өлшеу арқылы анықтауға болады деп білеміз. Мысалы, өкпедегі ауа сыйымдылығының көлемін, жекелеген бұлшық еттер тобының күшін арнайы өлшегіш құралдарымен өлшеу арқылы дененің даму дәрежесі анықталады.

Дене мәдениеті қалыптасқан мектеп оқушыларының дене сипатының осы көрсеткіштерін пайдалана отырып, мынаны ескерген жөн. Дене мәдениеті қалыптасқан мектеп оқушыларының дене сапаларының дамуының жоғары деңгейі - жақсы денсаулықтың кепілі, тиімді жұмыс қабілеттілігінің бар екендігінің және үлкен спортта жеке спорт түрлері бойынша жоғары нәтижеге жете алатындығының айғағы. Ал кейде, дене пішіні жақсы дамыған мектеп оқушыларының салқыннан, суық тиюден пайда болатын ауруларға қарсы тұра алмайтындығын немесе бұлшық еттері күшті болғанымен, арқан бойымен тартылып шыға алмай жатқандығын байқауға болады. Сондықтан да, дене мәдениеті қалыптасқан мектеп оқушыларының дене сапаларының дамуын бағалауға әртүрлі көрсеткіштер жиынтығы пайдаланылады және міндетті түрде денсаулық көрсеткіштері мен жұмыс қабілеттілігі, басқа да қимылдардың орындалуы деңгейі салыстырылады.

Дене мәдениеті жоғарыда айтылған көптеген белгілерге белгілі түрде әсер ететіндігіне байланысты дене дамуының бір функциясы есебінде қаралады. Осыған байланысты, дене жаттығуларымен айналысу тиімділігі бағаланады да, олардың функциялық міндеттері айқындалады. Тәрбиелік міндеттер дене және рухани күштердің белгілі нәтижесінде мектеп оқушыларының жан-жақты дамуына бағытталған. Дене тәрбиесінің педагогикалық үдерістің құрамында бола отырып, өзіне тән құрал, әдіс арқылы оқушылардың дене мәдениетін қалыптастыруға, тәрбиенің жалпы міндеттерін шешуге, мүмкіндігі бар. Білімділік міндеттер белгілі бір қозғалыс жайлы білімі, біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыруға, осы саладағы арнаулы білімдермен қаруландыруға бағытталғандықтан, нәтижесінде белгілі бір деңгейде дене мәдениеті қалыптасқан мектеп оқушыларының дене сапаларын дамыту туралы білім жиынтығын алады деп білеміз.

Мектеп оқушыларының дене мәдениетін қалыптастыру дегеніміз - бұл арнаулы, жүйеленген білім мен дене жаттығуларын игеру үдерісі және олар жеке дара зерттеу арқылы өмірде қолдана білу көрсеткішімен сипатталады. Ал, мектеп оқушыларының дене мәдениеті туралы білімді дене тәрбиесінің заңдылықтарын ашып көрсететін білімде - деп түсінгеніміз дұрыс. Біліктілік пен дағдылар көлемін жай игеру мен оны жүйелі игерудің арасында нақты айырмашылық бар. Дене мәдениеті туралы білім мектеп оқушыларының қозғалысы жайлы білімді, біліктілігі мен дағдыларын, жинақтауға ғана емес, сонымен қатар, өз білімімен тәжірибесін өмірде қолдана білуді және дене жаттығуларын жеке-дара игеруді, пайдалануды қарастырады.

Дене мәдениеті туралы білімді мектеп оқушысы оқып, үйрену нәтижесінде алады. Дене мәдениеті және спорт туралы білім алу, ол дене тәрбиесінің функцияларының бірі болып бағаланады, осыған байланысты, денені шынықтыратын жаттығуларымен және таңдап алған спорт түрлерімен айналысу тиімділігін анықтайды. Қандай бір мақсаттарды шешпесін, әрбір дене тәрбиесі мұғалімі дене мәдениетінің қағидаларын басшылыққа алуға міндетті. Қағидалардың әрқайсысының толықтай орындалуы мұғалімнің кәсіби шеберлік қызметіне байланысты. Қағидалар әр сабақ сайын бір мезгілде, жас ерекшелектеріне қарамастан, дене мәдениетінің теориясына сүйене отырып жүзеге асырылуы тиісті.

Сауықтыру бағытындағы функциялық қызметтер деп, дене мәдениеті сабағын ұйымдастырып өткізу кезіндегі мұғалімнің дамытушылық, сауықтырушылық қызметтерін басшылыққа алуы деп түсінеміз. Бұл қызметтерді талдайтын болсақ, олар дене тәрбиесі мен спорт қызметі көмегімен, біріншіден, қазіргі өмір жағдайында пайда болатын қозғалыс, қимыл белсенділігіндегі кемістіктерді өтеуді, екіншіден, ағзаның қызмет атқару мүмкіншілігінің жұмыс қабілетін арттыруды және қолайсыз әсерлерге қарсылығын жетілдіруді айқындайды.

Бұл функциялық қызметтер төмендегі негізгі талаптарды орындағанда ғана, мәселен: денені сауықтыру құндылығы бар ғылыми негізделген дене тәрбиесінің құралдары мен әдістерін қолдануы; денеге түсетін жүктемелер оқушылардың мүмкіншілігіне байланысты жоспарлануы тиіс; дәрігерлік-педагогикалық бақылау кез-келген оқу-тәрбие үдерісінде міндетті түрде орындалуы қажет; санитарлық-гигиеналық тазалық талаптарды сақтауда; күн сәулесін, ауа мен суды тиімді пайдалану - міне бұның бәрін дене жаттығуларымен айналысуды ұйымдастырғанда, оқушыларда дене мәдениетін қалыптастыруда назардан тыс қалмауы керек.

Дене мәдениеті мен спорт түрлерінің байланысы тәрбиенің барлық түрлерінің қолданбалы бағытын білдіреді. Бұл талаптарда: дене мәдениетінің мазмұны бәрінен бұрын өмірге қажетті қимыл-қозғалыс (жүру, жүгіру, секіру, жүзу және т.б.) кезіндегі біліктілік пен дағдыларын қалыптастыруда, оларды оқу бағдарламаларына ендіруде; жан-жақты дене мәдениетін қалыптастыру арқылы жалпы орта мектеп оқушыларының дене даярлығы мен дене бітімін жетілдіру, дене мәдениетін қалыптастыру жұмыстары кең көлемде жүргізілуде оның қабілетінің әртүрлі іс-әрекетті мүмкіншілігі болатындай дәрежеде болуы; еңбек және елжандылыққа, өз елін сүйуге оны қорғауға тәрбиелеу ісінде дене жаттығуларымен айналысуды кең көлемде пайдалану іс-жүзінде асырылады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Абусейтов Б.З. Жалпы орта мектептерде оқушылардың дене мәдениетін қалыптастыру: автореф. ...п.ғ.к. 13.00.01 – Түркістан: ХҚТУ, 2009. - С.45-47.
2. Қарақов А. Студенттердің дене тәрбиесінде күрестің ұлттық түрлерін пайдалану: дисс. ...п.ғ.к.: – Алматы, 1999.- 151 б.
3. Әбділлаев Ә.К., Оңалбек Ж.К. Дене мәдениетінің ілімі және әдістемесі. – Түркістан, 2004. – Б. 23-25.
